

УДК 342

Б. Т. Барсай,

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы,
Атырау облысы әкімі аппаратының Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау,
біліктілігін арттыру және тілдерді оқыту өңірлік орталығының оқытушысы*

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІК НЫСАНДАР МЕН ӘДІСТЕР – ОҚЫТУ САПАСЫН КӨТЕРУ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Мақалада автор мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттырудағы интерактивтік нысандар мен әдістердің маңызын аша отырып, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану тыңдаушылардың ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына оң әсер етеді және оқыту сапасын көтерудің негізі болады деп есептейді, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда сақталуы тиіс шарттарды ұсынады.

Тірек сөздер: мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігі, жаңа ақпараттық технологиялар, интерактивті әдістер, ақпараттық мәдениет, оқыту сапасы.

Аннотация

В статье рассматривается значимость использования интерактивных средств и методов в процессе переподготовки и повышения квалификации государственных служащих. Автор считает, что применение информационных технологий оказывает положительное воздействие на формирование информационной культуры слушателей и является основой в повышении качества обучения, также предлагает необходимые условия, которые должны быть сохранены при формировании информационной культуры государственных служащих.

Ключевые слова: профессиональная квалификация государственных служащих, новые информационные технологии, интерактивные методы, информационная культура, качество обучения.

Abstract

The article considers the importance of using interactive tools and methods in the process of retraining and advanced training of civil servants. The author believes that the use of interactive tools and methods to actively influence the formation of information culture listeners and enhances the quality of learning, offering some condition.

Keywords: professional qualifications of public employees, the new information technology, interactive methods, information culture, the quality of teaching.

Бүгінгі күні адамзатың шығармашылық әрекетінің жемісі – ақпаратты тиімді пайдалану арқылы ғана ғылыми-техникалық прогресті одан әрі дамытуға болатындығы белгілі. Өйткені, ол ақпараттық қоғам жағдайында экономика, техника, ғылым, саясат және жалпы қоғам дамуының шешуші күшіне айналады. Осыған байланысты соңғы жылдардың тенденциялық сипаты қандай да болсын (жоғары оқу орындарында, арнаулы оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру институттарында, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру және қайта даярлау орталықтарында т.б.) білім беру үдерісі информатиканың жетістіктерімен мазмұндалған ақпараттық технологияларды, дербес жағдайда, «Web-технологияны, Интернет қызметтерімен пайдалану, хаттамаларымен және мамандандырылған Web-серверлермен өзара әрекеттесуге негізделген.

Жаңа ақпараттық технологияны пайдалану берілетін білім көлемін жетілдіру үшін интерактивті тәсілдерді, динамикалық және көрнекі образдық модельдерді пайдалануды, материалдарды тиімді жолдармен беруді мақсат тұтады және олардың ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына оң әсер етеді.

Әрбір маман білікті де кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуы үшін адамзаттың іргелі ғылым саласында жинақтаған білім қорының анықталған мөлшерін меңгеруі және күнделікті кәсіби қызметте қажет болатын практикалық біліктіліктер мен дағдылар жиынтығын игерулері тиіс.

Білім беру саласын жетілдіру тәсілдерінің бірі оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Оны бір жағынан техникалық мәселе ретінде, екінші жағынан оқу үдерісін ықпалды құру заңдылықтарымен байланысты білім аумағы ретінде қарастыруға болады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында өткен ғасырдың отызыншы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды, әсіресе, жастарды тарту қажеттігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті қолдана білу, дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі атап көрсетілген. Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және ақпараттық-телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үдерісіне тиімді пайдалану арқылы мұғалім тұлғасын дамыту және білім сапасын көтеру міндеттері қойылып отыр. Бұл жерде білім беру тек мектепте берілетін орта білім төңірегінде ғана емес, білім берудің – мамандарды қайта даярлау, қосымша білім беру, мемлекеттік қызметкерлердің білімін жетілдіру сияқты барлық саласы туралы болып отыр.

Бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына жедел кіруге бағдарланған Қазақстанның дамуындағы жаңа кезең мемлекет пен оның білім жүйесінің алдына әлемде болып жатқан өзгерістерге кірігіп, бұл өзгерістерде жауапты, жаңашылдық және шығармашылық рөл атқару міндетін қойып отыр.

ХХІ ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі.

Қоғамды ақпараттандыруды дамытудың негізгі факторларының бірі – білім беруді ақпараттандыру. Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, мәдениетті және ақпараттық құзыреттілігі дамыған тұлға болуы қажет.

Ел өмірінің барлық салаларында компьютерлендіру үдерісі аяқталды деуге болады, алдымызда жас ұрпақтан бастап барлық жұмыс істеуге қабілетті адамдарға компьютердің қыр-сырын терең меңгертіп (тек компьютерде мәтінді тере білу ғана емес), әлемдік білім кеңістігіне ену мақсаты тұр. Технологияның күн сайын үздіксіз дамып, өзгеріп, жаңарып жатқан ақпарат заманында өмір сүру – күрделі дайындықты талап етеді.

Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық үдерісінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-коммуникативтік технологиялар маңызды рөл атқарады.

Сондықтан да жаңа технологияны меңгеру әр адамның интеллектуалдық, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізді. Жаңа ақпараттық технология құралдарын қолдау адам өмірінің әртүрлі сферасында, соның ішінде мемлекеттік басқару саласында да көптеген өзекті маңыздылыққа қол жеткізіп отырғаны белгілі. Осы жерде азғантай шегініс жасап, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту мен тәжірибеге енгізу мәселелеріне ғылыми тұрғыдан көз жіберіп қарасақ, төмендегілерді атап өтуге болады.

Ақпараттық қоғамның әлеуметтік тұжырымдамасының ықпалымен өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында ақпараттық және коммуникациялық технология дами бастады. Соңғы онбес – жиырма жыл көлемінде ақпараттық технология тек кәсіби білім беру саласында ғана емес, адам өмірінің барлық саласына кеңінен еніп келеді.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану жоғары және өзге де оқу орындарында оқытылатын білім көлемін жетілдіру үшін интерактивті іс-әрекет тәсілдерін, динамикалық және көрнекі образдық модельдерді пайдалануды, материалды беруді жетілдіруді мақсат тұтады. Мұнда негізгі қызметті компьютерлік құралдар атқарады.

Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде ақпараттық ортаның даму тенденциясына көңіл бөлінеді, сонымен қатар, бірдей ақпараттық орта шекарасыз, интеллектуалды және ақпараттық адам ресурстарын бірінші ретте, ауқымды білім базасын құру қарастырылады. Бұл өзіндік білім алуға шектеусіз мүмкіндігі бар ақпараттың болуын қамтамасыз етеді.

Оқу үдерісін ақпараттандыру және коммуникация құралдарымен қамтамасыз ету кез – келген маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды болып табылады. Оқытудың компьютерлік технологиясы – оқыту технологиясының құрамдас бір бөлігі. Компьютерлік технология белгілі бір педагогикалық технологияның оқу үдерісіне енгізілуіне қолайлы жағдай жасап, білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде қай салада да маңызға ие болып отырған ақпараттық технологияның жалпы теориялық және дидактикалық аспектісі тұрғысынан Н.В. Апатова, Б.С. Гершунский, А.П. Ершов, Е.И. Машбиц, Г.М. Клейман, В.М. Монахов, Д.М. Джусупалиева, Н.М. Шахмаев және т.б., психологиялық-педагогикалық тұрғыдан Н.Ф. Талызина, О.К. Тихомиров, А.Я. Савельева, Т.А. Сергеева және басқалар, мәні, мазмұны, қолданылуы және оны жекелеген пәндерді оқытуда оқу үдерісіне енгізу мәселелері С. Пейперт, Е.С. Полат, В.Я. Ляудис, И.В. Роберт, Ж.А. Қараев және т.б. ғалымдар зерттеулерінде қарастырылған.

Ғалымдар жоғары білім беруде болашақ мамандарды жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлауды теориялық тұрғыдан негіздей және «жаңа ақпараттық технологияны пайдаланудағы маман даярлығы» ұғымына анықтама бере отырып, ақпараттық технологияларды білім беру үдерісінде қолданудың негізгі мынадай артықшылықтарын атап көрсетеді: тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиісті мәліметтер көлемін ұлғайтады; бір-бірінен үлкен ара қашықтықта отырып, білім алуға мүмкіндік береді; оқыту жүйесін көпдеңгейлі жетілдіру олардың тарамдалуы мен оқу материалының сапасын арттырады; компьютердің көмегімен өз бетінше және өзгелермен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады [1].

«Ақпараттық білім беру технологиясы» термині педагогикалық зерттеулерде көп кездесіп, айналысқа енгенмен де ол туралы түрлі бағытта айтылады. Енді солардың кейбіреуіне тоқталып өтейік.

Ақпараттық білім беру технологиясы – бұл оқытудың компьютерлік технологиясы. «Ақпараттық технология» терминінің өзі компьютерлік техниканың дамуының салдары және қазіргі байланыс жүйесі ретінде пайда болды. Сондықтан, бұл тұрғыдан ақпараттық білім беру технологиясы, біріншіден, педагогикалық технология талаптарын қанағаттандыруы, екіншіден, білімгерге компьютер арқылы ақпарат беріп, оқытушының дидактикалық біліктілігін кеңейтуге мүмкіндік беретін, білімгердің тұлғалық сапасын дамытуын, өзіндік оқу әрекетінің дағдыларын, зерттеушілік икемділігін қалыптастыратын құрал ретінде қолданылуы керек. Бұл жағдайда негізгі тірек компьютерді қолдану және оның оқытудың педагогикалық – бағдарламалық құралы екендігі болып табылады.

Ақпараттық білім беру технологиясы – негізі ақпаратты өңдеу болып табылатын оқыту технологиясы. Бұл жағдайда оқу үдерісін жобалау және іске асыру қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану негізінде құрылады.

Ақпараттық білім беру технологиясы – оқытуда интернет жүйесін пайдалану. Жүйелік ақпараттық технологияны пайдалану ғылыми және оқу-әдістемелік мәліметтерге қол жеткізуді, ақпарат алмасуды, ұжымдық ізденіс ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманда гуманитарлық білім беруде интернетті пайдалану мүмкіндіктері Е.С. Полаттың жетекшілігімен жүргізілген ұжымдық зерттеу жұмысында қарастырылған. Олар бұл жүйенің дидактикалық сапаларын анықтап, интернетті сабақта пайдалануға, яғни мекен жайлар, сайттардың сипаттамалары, олимпиадалар, викториналар мысалдары, халықаралық білім беру жобаларын қалай пайдалану керектігі туралы әдістемелік нұсқаулар берді.

Ақпараттық технологияларды енгізу және оларды тиімді қолдану – Қазақстанның саяси даму Стратегиясының басты тапсырмаларының бірі.

Ақпараттық технологияны қолдану – әрбір адамға білім алудың өзіне тиімді жолын таңдауға мүмкіндік беретін білім берудің ашық жүйесін орнықтыруға; білім алудың техникасын түбірімен өзгертуге; оқыту үдерісінде тыңдаушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық – коммуникативтік технология білім көтеру және жұмыс істеу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты – қолданушыны керекті мәліметті өздігінен іздеп табуға талпындыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету. Сондықтан, бүгінгі компьютерлендірілген ғасырда есептеу техникасының өте жылдам дамып, оны ғылымның кез келген салаларына қолданып, одан нақтылы нәтижелер алуымызға байланысты ғылым мен білімді одан әрі

терең меңгертуде және мемлекеттік қызметшілердің өз жұмысында ізденгіштігін, бүгінгі күн талаптарымен жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жаңашылдыққа ұмтылдыру, бәсекеге қабілеттілік танытуына көмектесу үшін ақпараттық технологияларды қолданғанымыз аса маңызды.

Интерактивтік технологиялар – оқытудың әдістері мен түрлерінің, бағдарламаларының интерактивті мүмкіндіктері кері байланысты іске асыра отырып, тыңдаушының белсенділігін арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйелерінің көбінде орындалмайтын диалог пен тұрақты көмекті де іске асыруға мүмкіндік береді [2]. «Интерактивтік» термині ағылшынның interaction сөзінен шыққан, мағынасы «өзара белсенділік» дегенді білдіреді. Бұл термин көбіне – көп информатика, коммуникация және өндірістік дизайн саласында кеңінен қолданылады [3].

Интерактивтілік келесі құралдар арқылы жүзеге асырылады:

– ақпараттық құралдар: компьютер мен интерактивті тақта. Компьютер ақпаратты өңдеуге арналған әмбебап құрал, интерактивті тақта – компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және дәріс берушіге немесе баяндамашыға ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіру арқылы дәріс өткізуге мүмкіндік беретін құрал;

– программалық құралдар немесе «электрондық басылымдар»: электрондық оқулықтар, электрондық дидактикалық материалдар, электрондық анықтамалар, электрондық энциклопедиялар, жаттықтырушы және дамытушы компьютерлік программалар.

Интерактивті дәріс лектор жетекшілігімен ұйымдастырылатын дәстүрлі оқыту тәсілі мен жекелей компьютерлік оқытудың ұтымды жақтарының үйлесімінен тұрады. Компьютер лектордың белсенді көмекшісіне айналады. Ақпараттық-танымдық мазмұнымен қатар, интерактивті дәріс мазмұндау барысында компьютерлік слайдтарды қолдану арқасында эмоционалдық сипатқа ие.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видео құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Оқу материалдарының мысалдары, түсіндіру тәсілдері, тапсырмалары анимациямен көрсетілсе, тыңдаушының жеңіл түсінуіне және есте сақтауына көмектеседі. Анимациялық көрнекіліктер лектордың жұмыстарын жеңілдетіп, сабақ беру тәжірибесін, тыңдаушылардың қызығушылығын арттырады.

Қазіргі заманғы электрондық-техникалық орталар мен ақпараттарды тасымалдау құралдары жылдан-жылға жетілдіріліп, білім беру мекемелерінде білім беруге қатысты түрлі міндеттерді шешу үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Сабақтарда қолданылатын қазіргі заманғы электрондық-коммуникативтік орталарды қысқаша төмендегіше жіктеуге болады:

Аудиальды орта – дыбыстық техникалық орталар класына жататын дәстүрлі техникалық орта.

Визуальды орта – оқытудың визуальды орталарына қатысты дәстүрлі статикалық жобалау орталары (диапроекторлар, графопроекторлар) мен жаңа үлгідегі презентациялық құрылғыларға қатысты жобалау құрылғылары.

Аудиовизуалды орталар. Аудиовизуалдық орталар сыныбы білімгерлерге бір мезетте ақпаратты екі канал бойынша ұсынуға арналған электрондық-техникалық орталарды қамтиды.

Оқытудың ақпараттық және бейнекомпьютерлік орталары. Аталған технологиялардың анықтамасынан оларды іске асыру орталары дербес компьютерлер мен қазіргі заманғы бейнежүйелер екендігі шығады.

Мультимедиялық орта – мәтіндік ақпаратпен, графикалық бейнемен, дыбыспен, анимациялық компьютерлік графикамен бір кешенде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы техникалық орталар. Мультимедиа – технологияларды іске асырудың негізгі ортасы болып табылатын бейнелеудің компьютерлік және бейнекомпьютерлік ортасы.

Цифрлық бейнежазба. Соңғы уақытта цифрлық бейнежазбаға байланысты жаңа технологиялар жылдам қарқынмен дами бастады. Бейнежазбаны құру, өңдеу және көрудің бұрын белгісіз мүмкіндіктерін ұсынатын компьютерлер мен пайдаланушылардың саны тұрақты өсуде.

Қазір көрнекі құрал ретінде ақпаратты плакаттарда немесе тақтада жазу сапасында құру жиі қолданысқа ие емес. Қазіргі заман жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануды ұсынады, мысалы, тыңдаушылардың әрқайсысының өз жұмыс орнында компьютерден көру мүмкіндігі бар Power Point слайдтары жүйесін атауға болады.

Дәрістерді қазіргі заманғы техникалық орталарды және жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып өткізу, жадыны, көрнекілікті, қабылдауды жаттықтырып, екпінділігін арттырады,

тыңдаушылардың зейінін тұрақтандырады, сондай-ақ, ұсынылатын ақпаратты басқаша бағалауға мәжбүр етеді.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізінде қалыптасатын ақпараттық мәдениет лектордың кәсіби мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігінің бірі болып табылады.

Ақпараттық мәдениет – бұл маңызды мәселелерді қабылдап, оларды іс жүзінде шешу үшін пайдалануға болатын білім мен біліктілік, оларды тәжірибеде қолданудың негізгі әдістері туралы білім мен дағдының бірлігін айқындайтын жалпы мәдениеттің элементтерінің бірі [4].

Ақпараттық мәдениет – бұл әңгімелесе білу, теледидар, хабарды талғамды түрде қарау, алған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу. Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр.

Ақпараттық мәдениетті, сауатты адам ақпараттың қажетті кезін сезінуі, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді пайдалануға қабілетті болып, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуі керек.

Ақпараттық мәдениет тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез келген ақпарат көзін – анықтамалықтарды, сөздіктерді, энциклопедияларды, көліктердің жүру кестелерін, теледидар бағдарламаларын, т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Бұл – әңгімелесе білу, теледидар хабарын талғамды түрде қарау немесе қарамау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және де өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайда өз еркіндігінді шектей білу.

Мемлекеттік қызметшілердің ақпараттық мәдениетінің қалыптасуы оның күнделікті қызметінде ақпаратты, бұқаралық ақпараттық құралдарды пайдалануына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда мемлекеттік қызметшілердің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігі нақтылана түседі.

Мемлекеттік қызметшілердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда келесі шарттар сақталуы тиіс:

1. Оқу жоспары мен оқу бағдарламаларының нақты саладағы ақпараттық технологиялар тенденцияларына сәйкес келуі.

2. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру орталығына жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілуі.

3. Мемлекеттік қызметшілерде өз қызмет саласында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, қолдану қабілеттілігі мен ақпараттық-коммуникациялық құралдарды меңгеруінің кәсібилігін қалыптастыру.

4. Лекторлардың кәсіби даярлығының ақпараттық және компьютерлік технологиялар аймағы бойынша жоғары деңгейі, яғни олардың ақпараттық технологияларды жақсы меңгеруі.

5. Қазіргі заманға сәйкес техникалық (компьютерлік) қордың бар болуы.

Сонымен бірге, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану компьютердің оқу үдерісіндегі функциялары мен орнын, оның көмегімен оқу әрекетін басқару ерекшеліктері арқылы сипатталады. Оқу үдерісін компьютерлендіру ісінің мүмкіндігі адамның орындайтын функцияларын пара-пар техникалық орталардың көмегімен алмастырып, атқарғанда пайда болуы мүмкін.

Ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың әдістемесі мен ұстанымдарын пайдалануды игеру біліктілігі лектор біліктілігіне қойылатын негізгі талаптардың, кәсіби қажетті сапаларының бірі болуы тиіс.

Ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде пайдалану үшін жоғарыда атап өткеніміздей, ақпараттық-коммуникациялық техника, оған сәйкес бағдарламалық жабдықтама, лектордың ақпараттық сауаттылығы қажет.

Соңғы шарт лектордың компьютер және оқытуды компьютерлендіру туралы психологиялық кедергілерді өздігінен жеңуі тиістігін айқындайды.

Оқу үдерісінде компьютерлерді пайдалануға тек информатика пәні мұғалімі не программист болу міндетті емес, мұны кез келген лектор меңгеріп және өз тыңдаушыларына – мемлекеттік қызметшілерге өз жұмыстарында мүмкіндігінше ақпараттық технологияны қажеттігіне орай қолдана білу керектігін ескертіп отыруы керек. Бұл ақпараттық қоғам дамуындағы тыңдаушыны, яғни мемлекеттік қызметшілерді қалыптастырудағы компьютердің атқаратын ролін түсінуді қамтамасыз етеді.

Сондықтан лектор өз тыңдаушыларын оқытуда ақпараттандыру және ақпараттық технологиялар орталарын пайдалануға даяр болуы тиіс.

Тыңдаушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту үшін лектор аталған мәдениет түрін алдымен өз бойында қалыптастыруы керек. Лектордың ақпараттық мәдениеті – бұл жалпы қажетті ақпарат пен мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізе білу. Сонымен қатар, ақпаратты алу, өңдеу, тасымалдау үшін ақпараттандыру мен ақпараттық технологиялар орталарын пайдалану.

Тыңдаушылардың ақпараттық мәдениеті күнделікті өмірде (өмірде кездесетін жағдаяттарда шешім қабылдау икемділігінен, ақпараттық сауаттылық пен мәдениеттілігінен), кәсіби – бағдарлы іс-әрекетте (өндірістік немесе кәсіптік бағдарлау кезінде, ғылыми-ізденіс жұмыстарымен шұғылдануда, оқу мен жұмыс жасауды үйлестіру т.б. барысында) байқалады. Сонымен қатар, тыңдаушының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру үшін мынадай алғышарттарды ескеру қажет:

- материалдық-техникалық базаны қалыптастыру (мультимедиялық компьютер және интерактивті тақтамен жабдықталған сыныптар; жергілікті желі; интернет желісі қосылған сынып, т.б.)

- бағдарламалық жабдықтау (бақылау және тесттік бағдарламалар; жаттықтырғыш бағдарламалар; ақпараттық-анықтамалық жүйе – мәліметтер қоры; электрондық оқулықтар; мультимедиялық бағдарламалар);

- оқу-әдістемелік қамту (бағдарламалық және ақпараттық жабдықтармен жұмыс жасау әдістемесі);

- жаңа бағдарламалық технологияны пайдалануға әдістемелік тұрғыдан даярлау [5].

Оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі міндеттері:

- оқу үдерісін екпінді ету негізінде білімнің сапасы мен ықпалдылығын арттыру;

- білім алуға қызығушылық пен шығармашылық қабілетін, ынтасын дамыту;

- ақпараттандыру үдерісіне негізделген оқытудың жаңа тәсілдерін жасау;

- оқу үдерісін басқару жүйесін жетілдіру.

Қазіргі кезде мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – ақпараттық технологияларды біліктілікті көтеру және қайта даярлау курстары кезінде ұтымды пайдалана отырып, мемлекеттік қызметшілердің өз қызметінде табысты қолдана алу біліктілігін игеруіне, компьютерлік сауаттылықтарының қалыптасуына ықпал ету болып табылады. Сонымен қатар ақпараттық технологияларды қолдану сабақ сапасын арттыруға негіз болары сөзсіз [6].

Біз жұмысымызда оқытудың қазіргі заманғы технологияларының ішінде ақпараттық технологияны (интернет, слайдтар, автотесттер т.б.) жиі, барлық сабақта десек те болады, қолданамыз. Сонымен қатар лекцияларда кейстер, анкеталар, пікір алмасулар, тестілер т.б. пайдаланылады.

Мемлекеттік қызметшілерге дәріс оқу кезінде тақырыпқа сәйкес қосымша материалдарға – мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексіне, ұлттық патриотизм, елдің болашағы туралы мәселелерге де назар аударып отырамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: ВЛАДОС, 2001. – 180 с.

2 Медведев В.П. Инновации как средство обеспечения конкурентоспособности организации / В.П. Медведев. – М.: Магистр, 2009. – 159 с.

3 Российская педагогическая энциклопедия: В 2 тт./гл.ред. В. В. Давыдов. – М.: Большая Российская энциклопедия, – 1993. – Т.1 – 608 с.

4 Джусубалиева Д. М. Формирование информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения. – Алматы: Ғылым, 1997. – 222 с.

5 Идрисов С. Н. Жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... автореф: 13.00.01. – Атырау, 2009. – 27 б.

6 Барсай Б. Т. Болашақ мұғалімнің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудағы ақпараттық технологиялардың рөлі. «Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері». //Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Астана, 2-3.12. 2011. – Б.83–89.